

**"Оқу орталықтары қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 388 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 516 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қазанда № 24618 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Оқу орталықтары қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 388 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11365 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оқу орталықтарының қызмет қағидаларында:

1-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Оқу орталықтарының қызмет ету тәртібі";

12, 13, 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тестілеу сұрақтары әр нұсқасы елу сұрақтан кем болмайтын кемінде төрт жауап болатын және олардың біреуі дұрыс болып табылатын бес нұсқадан кем болмауға тиіс.

13. Тестілеу сұрақтары тоқсанына бір рет отыз пайыздан кем болмауға жаңартылып отыру тиіс.

14. Тиісті бағыттар бойынша тестілеу сұрақтарын емтихан комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) бекітеді, комиссияның сандық және дербес құрамын оқу орталығының басшысы бекітеді, бірақ құрамы төрт адамнан кем болмауы керек.

Тыңдаушы жұмыс берушінің өкілдері комиссия құрамына кіре алмайды".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі*

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК